Білім беру ұйымының атауы	**ZIYATKER TURAN ЖШС**	
Пәні:	География	
Бөлім:	2 КАРТОГРАФИЯ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР БАЗАСЫ 2.1 ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КАРТАЛАР 2.2.ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР БАЗАСЫ	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты	Елтаев Н.Т.	
Күні:	06.10.2025	
Сынып:7	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Географиялық номенклатура, географиялық деректерді ұйымдастыру	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	7.2.1.2 географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді; 7.2.2.1 географиялық нысандарды топтастырып кесте түрінде көрсетеді	
Сабақтың мақсаты	Оқушылар географиялық нысандарды ортақ белгілері мен ерекшеліктеріне қарай топтастырып, ақпаратты кесте түрінде жүйелеп көрсетеді. **ЕББҚ:** Географиялық нысандарды берілген белгілері бойынша топтастырып, кестеге орналастырады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 2 мин	**(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі** Оқушылармен амандасып, оқушылардың көңілін сабаққа аудару. Сыныпты түгелдеу, сыныптағы оқушылардың зейінін сабаққа аудару	Мұғаліммен амандасып, кезекші оқушы сыныптағы оқушылардың санын баяндайды	**(ҚБ)** мұғалім 1-10 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі арқылы бағалау ЖИ арқылы жасалынған бағалау әдісі Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі	
2 мин	**ТРЕНИНГ** **«ҮШ КОМПЛИМЕНТ НЕМЕСЕ АЛҒЫС» жаттығуы** *Оқушылар жұпқа немесе шағын топқа бөлінеді. 1 минут ішінде бір-біріне бүгінгі күнге, сабаққа немесе жеке қасиеттеріне қатысты 3 жақсы сөз / комплимент айтады.*	Оқушылар **«Үш комплимент немесе алғыс»** жаттығуы арқылы сабаққа қолайлы атмосфералық ахуал орнатады		
3 мин	**ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ** **«СӘЙКЕСТЕНДІРУ»** *Оқушылар сәйкестендіру әдісі арқылы өткен тақырып бойынша географиялық нысандарды картадан белгілейді*  **Түбектер:** Үндіқытай түбегі, Мексика шығанағы, Чукот түбегі, Кола түбегі, Юкатан түбегі, Таймыр түбегі, Лабрадор	Оқушылар өткен тақырып бойынша сәйкестендіру әдісі арқылы өткен тақырып бойынша географиялық нысандарды сәйкестендіреді **Дескриптор** Жалпы – 2 балл -*Ұсынылған*	**«Жарайсың»** деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	https://wordwall.net/ru/resource/37610818?wwmethod=link

	түбегі, Пиреней түбегі, Сомали түбегі. **Аралдар:** Шри-Ланка аралы, Тасман аралы, Жаңа Жер аралы, Куриль аралдары, Филиппин аралдары. **Бұғаздар:** Ормуз бұғазы, Магеллан бұғазы, Малакка бұғазы, Торрес бұғазы. **Шығанақтар:** Мексика шығанағы, Гвинея шығанағы, Калифорния шығанағы. **Теңіздер:** Сары теңіз, Саргасс теңізі. **Ағыс:** Гвиана ағысы. **Жазық:** Амазонка жазығы.	*географиялық нысандарды (түбек, арал, бұғаз, шығанақ, теңіз, ағыс, жазық) дұрыс топтастырады — **1 балл.*** *-Аталған географиялық нысандарды картадан дәл тауып, сөзжұмбақ немесе кескін карта арқылы қатесіз белгілейді — **1 балл.***		
Сабақтың ортасы 2 мин	**«АДАЛ АЗАМАТ»** *бағдарламасы аясында жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған нақты мысал келтіріледі.* **«Еңбек - жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы»** дәйексөзі *Еңбек адамдары туралы нақты өмірлік мысалдар келтіріледі*	Апта дәйексөзі және құндылыққа байланысты нақты мысалдар келтіреді	«Жарайсың» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	
1 мин	**МАҒЫНАНЫ ТАНУ** **«ТҮРТІП АЛУ» әдісі** **Бейнеролик:** Географиялық нысандарды топтастыру ✓ Географиялық нысан дегеніміз не? ✓ Геогарфиялық нысандарды топтастыру үшін ең ылғайлы әдіс?	Оқушылар **ЖИ** мүмкіншілігі арқылы жасалынған бейнероликті тамашалайды. Сұрақтарды талдайды		https://youtu.be/dTqt4agV0pE
2 мин 8 мин	**№1.ТАПСЫРМА** **«ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЫСАНДАРДЫ ЖІКТЕ»** әдісі **(ЖТ) Жеке тапсырма** (Функционалдық сауаттылық тапсырмасы) *Оқушылар берілген географиялық нысандарды топтастырады* **Берілген нысандар:** Гималай, Ніл, Байкал, Сахара, Альпі, Амазонка, Каспий теңізі, Гоби, Анд, Ертіс, Балқаш, Қарақұм, Кордильера, Миссисипи, Виктория көлі, Қызылқұм, Тянь-Шань, Дунай, Арал теңізі, Атакама, Орал, Еділ, Ыстықкөл, Такла-Макан.	Оқушылар **географиялық нысандарды жікте** әдісі арқылы оқушылар тапсырманы орындайды **Дескриптор** Жалпы – 8 балл *-Тауларды дұрыс жіктеу – 2 балл* *-өзендерді дұрыс жіктеу*	«Жарайсың» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. **№1 тапсырма бойынша (ҚБ)** мұғалім Дескриптор бойынша 8 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі арқылы бағалау Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі	

	<table><tr><th>Таулар</th><th>Өзендер</th><th>Көлдер мен теңіздер</th><th>Шөлдер</th></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table> **Дұрыс жауап:** Таулар – **Гималай, Альпі, Анд, Кордильера, Тянь-Шань, Орал**. Өзендер – **Ніл, Амазонка, Ертіс, Миссисипи, Дунай, Еділ**. Көлдер мен теңіздер – **Байкал, Каспий теңізі, Балқаш, Виктория көлі, Арал теңізі, Ыстықкөл**. Шөлдер – **Сахара, Гоби, Қарақұм, Қызылқұм, Атакама, Такла-Макан**.  **Дағдыға баулу:** *Оқушылар берілген әлемнің ірі географиялық нысандарын маңызды белгілері мен ортақ қасиеттері бойынша түрлеріне қарай саралап, жүйелі түрде топтастыру дағдысын меңгереді.*  **Құндылыққа жету:** *Бұл тапсырма табиғи объектілерді саналы түрде бағалауға және қоршаған ортаның әр алуандығын ұқыпты қабылдауға үйрету арқылы экологиялық мәдениет пен жаһандық көзқарас құндылығын қалыптастыруға қызмет етеді.* **№2.БЖБ** 2 КАРТОГРАФИЯ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР БАЗАСЫ	*– 2 балл,* *-көлдер мен теңіздерді дұрыс жіктеу – 2 балл,* *-шөлдерді дұрыс жіктеу – 2 балл.*		
Сабақтың соңы 5 мин	**Кері байланыс** **«ҚҚҚ»** әдісі Оқушылар бүгінгі сабақты түсінгендігі жөнінде қққ әдісі арқылы қорытындылайды ✓ **Құнды** ✓ **Қиын** ✓ **Қызық** **Үйге тапсырма** Тақырыпты оқу	Оқушы жаңа тақырыпты қорытындылап бүгінгі сабаққа кері байланыс орнатады	Мұғалім оқушылардың тапсырмаларды орындауына байланысты 1 – 10 балл аралығында бағалайды	Geo_aqparat.kz - "Бағалау шкаласы" әдісі



Географиялық деректерді ұйымдастыру

7.2.2.1 географиялық нысандарды топтастырып кесте түрінде көрсетеді.



1 **Төмендегі географиялық нысандарды тиісті топтарға бөліп, кестеге жазыңыз.** (8 балл)

Гималай, Ніл, Байкал, Сахара, Альпі, Амазонка, Каспий теңізі, Гоби, Анд, Ертіс, Балқаш, Қарақұм, Кордильера, Миссисипи, Виктория көлі, Қызылқұм, Тянь-Шань, Дунай, Арал теңізі, Атакама, Орал, Еділ, Ыстықкөл, Такла-Макан.

Таулар	Өзендер	Көлдер мен теңіздер	Шөлдер
1.	1.	1.	1.
2.	2.	2.	2.
3.	3.	3.	3.
4.	4.	4.	4.
5.	5.	5.	5.
6.	6.	6.	6.

2 **Төмендегі географиялық нысандарды олардың орналасқан материгіне қарай топтастырып, кестені толтырыңыз.** (6 балл)

Амазонка, Сахара, Ніл, Каспий теңізі, Гималай, Миссисипи, Атакама, Альпі, Виктория көлі, Арал теңізі, Еділ, Гоби, Анд, Дунай, Тянь-Шань, Байкал.

Еуразия	Африка	Солтүстік Америка	Оңтүстік Америка
1.	1.	1.	1.
2.	2.	2.	2.
3.	3.	3.	3.
4.	4.	4.	4.

3 **Төмендегі сипаттамаларға сәйкес географиялық нысандарды анықтап, кестеге жазыңыз.** (6 балл)

Сипаттама	Географиялық нысан
1. Әлемдегі ең ұзын өзен.	
2. Әлемдегі ең үлкен шөл.	
3. Еуропа мен Азияның шекарасында орналасқан таулар.	
4. Әлемдегі ең терең көл.	
5. Қазақстан мен Ресей шекарасында орналасқан өзен.	

Қажетті нысандар:

Ніл, Амазонка, Сахара, Гоби, Гималай, Альпі, Байкал, Виктория көлі, Ертіс, Дунай, Еділ, Атакама, Тянь-Шань, Каспий теңізі.